

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың басшы қызметкерлері лауазымдарына кандидатураларды келісу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 538 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 7 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1750. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 12 маусымдағы N 159 қаулысымен. V042955

Ескерту: Қаулының атауы өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 наурыздағы N 78 қаулысымен .

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттеуді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың басшы қызметкерлері лауазымдарына кандидатураларды келісу ережесі бекітілсін және Ереже мен осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап отыз күнтізбелік күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

Ескерту: 1-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 наурыздағы N 78 қаулысымен .

2. *Тармақтың күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 29 шілдедегі N 264 қаулысымен .*

3. Осы қаулы күшіне енгізілген күннен бастап Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 13 тамыздағы N 11 қаулысының 1-тармағының 3) тармақшасының және осы қаулымен бекітілген Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың басшы қызметкерлері лауазымдарына кандидатураларды келісу қағидатының күші жойылды деп танылсын.

4. Бағалы қағаздар нарығын реттеу департаменті (Шалғымбаева Г.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың басшы қызметкерлері лауазымдарына кандидатураларды келісу

ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап екі апталық мерзімде осы қаулыны және Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың басшы қызметкерлері лауазымдарына кандидатураларды келісу ережесін қауымдастық нысанындағы "Активтерді Басқарушылар қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне және "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" жабық акционерлік қоғамына жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А. Марченкоға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

"Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың басшы қызметкерлері лауазымдарына кандидатураларды келісу ережесін бекіту туралы"

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 538 қаулысымен бекітілген

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың басшы қызметкерлері лауазымдарына кандидатураларды келісу ережесі

Осы Ереже "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңының 53-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі - Ұйымдар) басшы қызметкерлері лауазымдарына кандидатураларды бағалы қағаздар рыногын реттеу жөніндегі уәкілетті органмен (бұдан әрі - Уәкілетті орган) келісу тәртібін белгілейді және Уәкілетті органның Ұйымдардың басшы қызметкерлері лауазымдарына кандидатураларды келісу жөніндегі Біліктілік комиссиясының (бұдан әрі - Біліктілік комиссиясы) жұмысын реттейді.

Ескерту: Ереженің атауы және кіріспе өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 наурыздағы N 78 қаулысымен .

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Ұйымның басшы қызметкерлері мыналар болып танылады:

- 1) Ұйымның атқару органының бірінші басшысы және оның орынбасарлары;
- 2) Ұйымның бас бухгалтері және оның орынбасары;
- 3) Ұйым филиалының (өкілдіктің) басшысы және бас бухгалтері.

Ескерту: 1-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 наурыздағы N 78 қаулысымен .

2. Ұйымның басшы қызметкерлері басшы лауазымдарға Уәкілетті органның келісімі бойынша сайланады (тағайындалады).

Басшы қызметкерлер лауазымына кандидатураларды Уәкілетті органмен келісу үміткерлердің кәсіби жарамдылықтарын айқындау мақсатында жүргізіледі .

Ескерту: 2-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 наурыздағы N 78 қаулысымен .

3. Уәкілетті орган онымен кандидатуралары келісілген Ұйымның басшы қызметкерлерінің тізілімін жүргізеді.

4. Уәкілетті органның келісу рәсімін жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдарынан және Қазақстан Республикасының резидент еместерінің ұйымдарынан Ұйымның басшы лауазымына үміткер туралы ақпарат сұрауға құқығы бар.

2-тарау. Ұйымның басшы қызметкерлері лауазымдарына кандидатураларға қойылатын талаптар

5. Ұйымның басшы қызметкері лауазымына үміткердің жоғары білімі және бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметке тікелей байланысты жұмыс стажы немесе банктегі немесе қаржы рыногындағы тұрақты қызметті жүзеге асыратын өзге де ұйымдағы жұмыс стажы болуы керек (осы Ереженің 7-тармағында айқындалған тұлғаларды қоспағанда):

1) Ұйымның атқару органының басшысы немесе оның бас бухгалтері лауазымына - кемінде үш жыл;

2) Ұйымның атқару органы басшысының орынбасары, Ұйымның бас бухгалтерінің орынбасары, Ұйымның (өкілдіктің) филиалының бірінші басшысы немесе бас бухгалтері лауазымына - кемінде екі жыл.

Ескерту: 5-тармақ толықтырылды, өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 наурыздағы N 78 қаулысымен .

6. Ұйымның басшы қызметкері лауазымына үміткерде Уәкілетті орган берген үшінші санатты біліктілік куәлігі (бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі

жұмыстарды орындауға жіберілу құқығымен) болуы тиіс.

Ескерту: 6-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 наурыздағы N 78 қаулысымен .

7. Ұйымның басшы қызметкері лауазымына шетелдік азамат не азаматтығы жоқ, Қазақстан Республикасында тұрақты тұрмайтын тұлға болып табылатын үміткерде :

1) шетелдік қаржы рыноктарындағы активтерді басқару жөніндегі кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттардың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармасы;

2) Қазақстан Республикасы ұйымдарының құжаттарымен расталған, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысында немесе банктерде немесе қаржы рыноктарындағы тұрақты қызметті жүзеге асыратын өзге де ұйымдарда кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесі болуы керек.

8. Ұйымның басшы қызметкері лауазымына үміткерде сондай-ақ:

1) Қазақстан Республикасының азаматы (Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдік азамат және азаматтығы жоқ тұлға) - Қазақстан Республикасындағы банктердегі немесе қаржы рыногындағы тұрақты қызметті жүзеге асыратын өзге де ұйымдардағы басшылық қызметпен шұғылданатын кемінде екі тұлғаның оң кепілдемесі;

2) шетелдік азамат және Қазақстан Республикасында тұрақты тұрмайтын азаматтығы жоқ тұлға - қаржы рыногында активтерді басқару саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдардағы басшылық қызметпен шұғылданатын кемінде екі тұлғаның оң кепілдемесі болуы керек.

9. Ұйымның басшы қызметкері лауазымына үміткерге кепілдеме беруші тұлғалар жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақымен қамтамасыз ету туралы заңдарға сәйкес Ұйыммен шарт жасасқан кастодиан - банктердің қызметкерлерін қоспағанда, Ұйымның басшы немесе өзге де қызметкерлері және лауазымды тұлғалары, Ұйымның өзге де аффилиирленген тұлғалары болып табылмаулары керек және үміткермен туыстық байланыста болмаулары керек.

10. Кепілдемелерде міндетті түрде кепілдеме берушілердің лауазымдары, жұмыс орындары және аты-жөндері туралы мәліметтер, кепілдеме берушілердің жұмыс берушілер - ұйымдарының мекен-жайлары және кепілдеме берушілердің телефондарының нөмірлері, сондай-ақ кепілдеме берушінің үміткермен таныстығының ұзақтығы туралы ақпарат және қаржы рыногындағы бірлескен кәсіби қызметінің толық сипаттамасы болуы тиіс.

3-тарау. Ұйымның басшы лауазымдарына үміткерлерді келісу үшін құжаттар ұсыну тәртібі

11. Ұйымның басшы қызметкері лауазымына үміткерлерді келісу үшін Уәкілетті органға мынадай құжаттар ұсынуы керек:

1) еркін нысанда жазылған және Ұйымның уәкілетті тұлғасы қол қойған ө т і н і ш ;

2) басшы қызметкер лауазымына үміткердің жеке куәлігінің (паспортының) к ө ш і р м е с і ;

3) басшы қызметкер лауазымына үміткердің еңбек жолын растайтын еңбек кітапшасының не құжаттардың тігілген және беттері бойынша нөмірленген, үміткердің соңғы жұмыс беруші - ұйымының мөр таңбасымен және бірінші басшысының не оның орынбасарының қолымен куәландырылған көшірмесі және (немесе) жұмыс берушілер - шетелдік ұйымдардың үміткердің атқарған лауазымын көрсете отырып, үміткердің осы ұйымдардағы жұмысының фактісі және ұзақтығы расталатын хаттардың (анықтамалардың) түпнұсқалары және аудармалары (мемлекеттік немесе орыс тіліндегі);

4) басшы қызметкер лауазымына үміткердің жоғары білім туралы дипломының (жоғары білімін растайтын өзге де құжаттарының) нотариалды куәландырылған к ө ш і р м е с і ;

5) Уәкілетті орган берген, осы Ереженің 6-тармағында айқындалған біліктілік куәлігінің к ө ш і р м е с і ;

6) осы Ереженің қосымшасына сәйкес басшы қызметкер лауазымына үміткердің с а у а л н а м а с ы ;

7) басшы қызметкер лауазымына үміткердің соңғы жұмыс орнынан берілген, жұмыс беруші - ұйымның бірінші басшысы немесе оның орнындағы тұлға қол қойған немесе оның алқалы атқарушы органының шешімі түрінде ресімделген (егер мінездемені осы орган бекітсе) және жұмыс беруші - ұйымның мөрімен р а с т а л ғ а н м і н е з д е м е ;

8) осы Ереженің 8-10 тармақтарында айқындалған кепілдемелер;

9) Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат орталығының басшы қызметкер лауазымына үміткердің сотталмағандығы туралы немесе одан сотталғандықтың алынғандығы туралы а н ы қ т а м а с ы (х а т ы) ;

10) шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ тұлғаларды жалдаған жағдайда - шетелдік жұмыс күшін тартуға байланысты қызметке берілген лицензияның көшірмесі.

12. Уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесінің қызметкерлері осы Ереженің 11-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттардың осы Ереженің талаптарына сәйкестігін тексереді және олар келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде Біліктілік комиссиясының Төрағасына әрбір келісілетін үміткер бойынша жазбаша қорытынды береді. Ұсынылған құжаттар осы Ереженің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда Уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесінің қызметкері Уәкілетті органның бірінші басшысы

немесе оның орынбасары қол қоятын жазбаша түрде келісімнен бас тарту дайындайды және Ұйымға жіберіледі.

13. Біліктілік комиссиясы Ұйымның басшы қызметкері лауазымына кандидаттың сәйкестігі туралы мәселені қарайды және осы Ереженің 11-тармағының талаптарына сәйкес құжаттардың пакеті тапсырылған күннен бастап отыз күннің ішінде оны сайлауға (тағайындауға) Уәкілетті органға келісім беру немесе келісім беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Ескерту: 13-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 наурыздағы N 78 қаулысымен .

4-тарау. Біліктілік комиссиясының жұмыс тәртібі

14. Ұйымның басшы қызметкері лауазымына үміткерді Уәкілетті органда келісу үшін Біліктілік комиссиясының Төрағасын және оның орынбасарын қоса отырып, жеті адамнан тұратын Біліктілік комиссиясы құрылады. Біліктілік комиссиясының құрамы Уәкілетті органның бірінші басшысының бұйрығымен бекітіледі. Біліктілік комиссиясының құрамына функцияларына бағалы қағаздар рыногын реттеу мәселелері кіретін Уәкілетті органның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері кіреді.

15. Ұйымның басшы қызметкері лауазымына үміткерді келісуді онымен Біліктілік комиссиясының отырысында әңгімелесу нысанында Біліктілік комиссиясы жүргізеді.

16. Біліктілік комиссиясының отырысы қажеттілігіне орай жүргізіледі. Біліктілік комиссиясының отырысы егер оған оның кемінде бес мүшесі (Біліктілік комиссиясының Төрағасын немесе оның орынбасарын қоса отырып) қатысса өкілетті болып танылады. Біліктілік комиссиясының шешімі оның отырысқа қатысқан мүшелерінің қарапайым көпшілік дауыстарымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде Біліктілік комиссиясы Төрағасының даусы шешуші болып табылады.

17. Біліктілік комиссиясының Төрағасы:

- 1) Біліктілік комиссиясының жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Біліктілік комиссиясы отырысының күнін және уақытын тағайындайды;
- 3) Біліктілік комиссиясының отырысын жүргізеді.

Біліктілік комиссиясының Төрағасы жоқ болған жағдайда оның функцияларын Біліктілік комиссиясы Төрағасының орынбасары жүзеге асырады.

18. Біліктілік комиссиясының отырысы осы Ереженің 13-тармағында белгіленген мерзім ішінде жүргізіледі.

Біліктілік комиссиясы отырысының күнін оның Төрағасы Уәкілетті органның тиісті құрылымдық бөлімшесінің ұсынысы бойынша айқындайды.

Біліктілік комиссиясының отырысының күні туралы басшы қызметкер

лауазымына үміткерлері Біліктілік комиссиясының осы отырысында қаралатын Ұйымға отырыс өткізілетін күннен кемінде үш жұмыс күн бұрын кешіктірмей жазбаша хабарланады.

19. Біліктілік комиссиясының отырысына шақырылған Ұйымның басшы қызметкері лауазымына үміткерлер оған қатысуға міндетті. Біліктілік комиссиясының отырысына шақырылған үміткер келмеген жағдайда, оны келісу туралы мәселе Біліктілік комиссиясының келесі отырысына ауыстырылады. Қайтадан келмеген жағдайда Біліктілік комиссиясы осы тұлғаны келісу туралы мәселені Ұйым Біліктілік комиссиясының отырысына келмей қалу себебін көрсете отырып қайтадан кепілдеме ұсынғанға дейін қарамай қалдыруға құқылы.

20. Біліктілік комиссиясының шешімі Біліктілік комиссиясының отырысы өткізілгеннен кейін үш күн ішінде жасалатын және Біліктілік комиссиясының Төрағасы (оның орынбасары) және отырысқа қатысқан мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді. Егер Біліктілік комиссиясы мүшесінің Ұйымның басшы қызметкері лауазымына кандидатура бойынша ерекше пікірі бар болса, хаттамаға тиісті жазба жасалу керек.

Ұйымға басшы қызметкер лауазымына үміткерді келісудің нәтижесі туралы Біліктілік комиссиясының отырысы өткізілген күннен бастап бес жұмыс күні аяқталғаннан кейін Уәкілетті органның жазбаша ескертпе жіберуі арқылы хабарланады.

20-1. Уәкілетті орган Ұйымның басшы қызметкерін сайлауға (тағайындауға) бұрын берілген келісімді қайта қарауға құқылы.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер болған жағдайда, Уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі Ұйымның басшы қызметкерін сайлауға (тағайындауға) бұрын берілген келісімді қайта қарау үшін қаралатын мәселеге қатысы бар құжаттармен қоса жазбаша түсініктемені ұсынуы қажет екендігін Ұйымға жазбаша хабарлайды.

Уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі басшы қызметкерді сайлауға (тағайындауға) бұрын берілген келісімді қайта қарау туралы жазбаша қорытынды жасайды және оны Біліктілік комиссиясына қарауға ұсынады. Басшы қызметкерді сайлауға (тағайындауға) бұрын берілген келісімді қайта қарау туралы Біліктілік комиссиясының мәжілісі Ұйымның осы басшы қызметкерінің қатысуымен өткізіледі. Біліктілік комиссиясының шешімі осы Ереженің 20-тармағында белгіленген талаптар сақтала отырып хаттамамен ресімделеді.

Ескерту: 20-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 наурыздағы N 78 қаулысымен .

21. Біліктілік комиссиясы мынадай негіз бойынша Ұйымның басшы қызметкері лауазымына үміткерді келісуден бас тарту туралы шешім қабылдауға

қ ұ қ ы л ы :

1) бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті жүзеге асыру тәртібі белгіленетін, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының нормаларын үміткердің бұзу фактілері болса;

2) Біліктілік комиссиясының мүшелері үміткермен әңгімелесу барысында оның кәсіби сәйкес келмеушілік фактілерін анықтаса.

22. Ұйымның басшы қызметкері лауазымына үміткердің біліктілік талаптарына сәйкес келуі туралы мәселені шешу кезінде Біліктілік комиссиясы бағалы қағаздар рыногының субъектілерінің қызметін тексеру кезінде алынған қосымша мәліметтерді зерделеуге құқылы.

23. Біліктілік комиссиясының шешімі жөнінде Ұйым не Ұйымның басшы қызметкері лауазымына үміткер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шағым жасауы мүмкін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 20 желтоқсандағы
N 538 қаулысымен бекітілген
Зейнетақы активтерін
инвестициялық басқаруды
жүзеге асыратын ұйымдардың
басшы қызметкерлері лауазымдарына
кандидатураларды келісу ережесіне
қосымша

*Ескерту: Қосымша өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 2003 жылғы 7 наурыздағы N 78 қаулысымен .*

Ү м і т к е р д і ң
фотографиясы

**Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге
асыратын ұйымдардың басшы
қызметкері лауазымына үміткердің**

САУАЛНАМАСЫ

1. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның атауы (оның Мемлекеттік (қайта) тіркеу куәлігіне толық сәйкес түрде).

2. Тегі, аты, әкесінің аты (паспортына (жеке куәлігіне) толық сәйкес түрде), тегі, аты немесе әкесінің аты өзгерген жағдайда, онда олар қашан және қандай себеп бойынша өзгергендігі көрсетілуі керек.

3. Үміткердің туған күні және жері.

4. Үміткердің азаматтығы; үміткердің паспортының (жеке куәлігінің) нөмірі және берілген күні, паспортты (жеке куәлікті) берген органның атауы, паспорттың (жеке куәліктің) қолданылу мерзімі.

5. Үміткердің нақты (байланыс бөлімшесінің пошталық индексін көрсете отырып) мекен-жайы (тұрған жері) (шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ тұлғалар үшін - Қазақстан Республикасынан тысқары тұрақты мекен-жайы (тұрған жері) және Қазақстан Республикасындағы мекен-жайы (тұратын жері); үміткердің үйінің, мобильдік және жұмыс телефондарының нөмірлері (халықаралық және қалааралық кодтарын көрсете отырып); электрондық поштасының мекен-жайы.

6. Үміткердің зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдағы ағымдағы лауазымы.

7. Кепілдеме берушілер туралы мәліметтер (лауазымдары; кепілдеме берушілердің жұмыс орындары және аты-жөндері; олардың жұмыс берушілер - ұйымдарының мекен-жайлары; телефондарының нөмірлері, оның ішінде мобилдік; электрондық поштаның мекен-жайы).

8. Кредиторлардың атауларын (аты-жөндерін) және орналасқан жерін (тұратын жерін), өтелмеген ссудаларын (несиелерін) және өтеу мерзімдерін (бастапқы белгіленген және нақты) көрсете отырып, үміткердің өтелмеген (ағымдағы және өтіп кеткен өтеу мерзімдерін көрсете отырып) ссудалары (несиелері) туралы мәліметтер.

8-1. Кандидаттың бұрын басшылық еткен уақытында банкрот деп танылған немесе консервацияға, санацияға, мәжбүрлеп таратуға ұшыраған заңды тұлғаның басшы қызметкері немесе лауазымды адамы болғаны туралы мәліметтер.

9. Үміткер туралы қосымша мәліметтер (үміткер немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым айқындаған көлемде).

10. Үміткердің Ұйымға аффилиирленгендігі туралы мәліметтер.

Осы сауалнамада келтірілген мәліметтерді мұқият тексергенімді растаймын және нақты және толық болып табылады. Осы сауалнамадағы мәліметтерде бұрмалаушылық және кемшілік анықталған жағдайда, бұның мені лауазымға бекітуден бас тарту үшін негіз болатындығын және маған қатысты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шаралар қолдануға әкеп соғатындығын мойындаймын. Мен жоғарыда аталған, зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі ұйымда жұмыс істеген мерзім ішінде бағалы қағаздар рыногын реттеу жөніндегі Уәкілетті органды осы сауалнамадағы барлық өзгерістер жөнінде ескертуге міндеттенемін және осы міндеттемені орындамаудың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шаралар

қ о л д а н у ғ а

әкеп соғатындығын мойындаймын.

_____ 20_ жылғы " ____ " _____
үміткердің қолы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК